

**Аудандық мәслихаттың 2021 жылғы 5 қаңтардағы "2021-2023 жылдарға арналған Қызылжар ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" № 367 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Ақтөбе облысы Бұрғыз аудандық мәслихатының 2021 жылғы 23 шілдедегі № 45 шешімі  
Бұрғыз аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Аудандық мәслихаттың 2021 жылғы 5 қаңтардағы № 367 "2021-2023 жылдарға арналған Қызылжар ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7952 тіркелген) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"1. 2021-2023 жылдарға арналған Қызылжар ауылдық округ бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде, 2021 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 151 400 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 2 686 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 45 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

трансферттер түсімі – 148 669 мың теңге;

2) шығындар – 151 503,5 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 0 теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 0 теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 103,5 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 103,5 мың теңге, оның ішінде:

қарыздар түсімі – 0 теңге;

қарыздарды өтеу – 0 теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 103,5 мың теңге."

5-тармақ жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"5. 2021 жылға арналған Қызылжар ауылдық округ бюджетінде аудандық бюджет арқылы республикалық және облыстық бюджеттерден ағымдағы нысаналы трансферттер түсетіні ескерілсін:

мемлекеттік халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін жұмыскерлердің жалақысына қосымша ақылар белгілеуге- 80 мың теңге;

мемлекеттік мәдениет ұйымдарының және архив мекемелерінің басқарушы және негізгі персоналына мәдениет ұйымдарындағы және архив мекемелеріндегі ерекше еңбек жағдайлары үшін лауазымдық айлықақысына қосымша ақылар белгілеуге – 1 841 мың теңге;

"Ауыл – Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыруға-100 633 мың теңге.

Аталған трансферттерінің сомасын бөлу ауылдық округ әкімінің шешімі негізінде айқындалады."

Көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Бірғыз аудандық  
мәслихатының хатшысы:*

*Н. Қызбергенов*

2021 жылғы 23 шілдедегі № 45 аудандық  
мәслихаттың шешіміне қосымша  
Аудандық мәслихаттың 2021 жылғы 5  
қаңтардағы № 367 шешіміне 1-қосымша

## 2021 жылға арналған Қызылжар ауылдық округ бюджеті

Санаты				Сомасы, (мың теңге)
Сыныбы				
Кіші сыныбы				
Атауы				
1	2	3	4	
			I. Кірістер	151 400
1			Салықтық түсімдер	2686
	04		Меншікке салынатын салықтар	2 686
		1	Мүлікке салынатын салықтар	86
		3	Жер салығы	159
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	2 441
2			Салықтық емес түсімдер	45
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	45
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	45
4			Трансферттердің түсімдері	148 669
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	148 669
		3	Аудандардың (облыстықмаңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	148 669

Функционалдық топ	
Кіші функция	

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі					Сомасы, (мың теңге)
Бағдарлама					
Атауы					
1	2	3	4	5	6
				II Шығындар	151 503,5
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	23 942
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	23 942
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	23 942
			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	23 864
			022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	78
06				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	365
	2			Әлеуметтік көмек	365
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	365
			003	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	365
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	4 724,4
	3			Елді мекендерді көркейту	4 724,4
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	4 724,4
			008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	3 652
			009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	320
			011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	752,4
08				Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	21 839
	1			Мәдениет саласындағы қызмет	21 839
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	21 839
			006	Жергілікті деңгейде мәдени демалыс жұмысын қолдау	21 839
13				Басқалар	100 633
	9			Басқалар	100 633
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	100 633
			057	"Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыру	100 633
15				Трансферттер	0,1
	1			Трансферттер	0,1
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	0,1
			048	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	0,1
				III. Таза бюджеттік кредиттеу	0
				Бюджеттік кредиттер	0
				IV. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	0
				Қаржы активтерін сатып алу	0
				V. Бюджет тапшылығы (профициті)	- 103,5
				VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	103,5

Санаты				Сомасы, (мың теңге)
Сыныбы				
Ішкі сыныбы				
Атауы				
1	2	3	4	5
8			Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары	103,5
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	103,5
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	103,5

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК